

2015 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 79 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 ақпанда № 3052 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімі аппаратының 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 7-188 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімі аппаратының 25.01.2016 № 7-188 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Төлеби аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қ о л д а н ы л а д ы .

4. «Төлеби ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны Төлеби ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми ж а р и я л а н у ы н ;

3) осы қаулыны Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Е.Бейсебаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы
М.Пернебеков
 Төлеби ауданы әкімдігінің
 2015 жылғы 10 ақпандағы
 № 79 қаулысымен бекітілген

2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

№	Ұйымдардың атауы	Жылына қоғамдық қызметкерлерге сұраныс	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5
1	Төлеби ауданы әкімдігінің «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	15	Көшелерді және аумақтарды қоқыстардан тазалау – 30000 шаршы метр, көшеттерді отырғызу – 300 дана, гүл отырғызатын жерлерді бөлшектеу - 2000 шаршы метр, дуалдарды ақтау – 5000 шаршы метр, дуалдарды жөндеу – 5000 шаршы метр	Аудандық бюджет
2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі	15	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 1000 бет, факс жіберу – 300 бет, мәтіндерді басу және шығару – 400 бет, хат-хабарды жеткізу – 550 хат	Аудандық бюджет
3	«Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаментінің Төлеби ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	42	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 900 бет, факс жіберу – 300 бет, мәтіндерді басу және шығару – 200 бет, хат-хабарды жеткізу – 450 хат	Аудандық бюджет
4	Төлеби аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Төлеби аудандық «	25	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 1000 бет, факс	Аудандық бюджет

	Саябақтары» коммуналдық мемлекеттік мекемесі		жіберу – 100 бет, мәтіндерді басу және шығару – 200 бет, хат-хабарды жеткізу – 300 хат	
5	Төлеби аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Төлеби аудандық жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	15	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 3000 бет, факс жіберу – 300 бет, мәтіндерді басу және шығару – 500 бет, хат-хабарды жеткізу – 700 хат	Аудандық бюджет
6	Төлеби ауданы әкімдігі тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар, көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Ленгір су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	20	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 3000 бет, факс жіберу – 300 бет, мәтіндерді басу және шығару – 500 бет, хат-хабарды жеткізу – 700 хат	Аудандық бюджет
7	«Ленгір қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 2000 бет, факс жіберу – 500 бет, мәтіндерді басу және шығару – 1000 бет, хат-хабарды жеткізу – 400 хат	Аудандық бюджет
8	«Алатау ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 60000 шаршы метр	Аудандық бюджет
9	«Аққұм ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
10	«Бірінші Мамыр ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 90000 шаршы метр	Аудандық бюджет
11	«Зертас ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
12	«Жоғарғы Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
13	«Кемеқалған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, ауылды көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
14	«Киелітас ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 60000 шаршы метр	Аудандық бюджет

15	«Көксәйек ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 70000 шаршы метр	Аудандық бюджет
16	«Қаратөбе ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
17	«Қасқасу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 50000 шаршы метр	Аудандық бюджет
18	«Қоғалы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	20	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 45000 шаршы метр	Аудандық бюджет
19	«Тасарық ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	15	Ауылдық аймақтарды, көгалдандыру, көріктендіру, ауылдық округті қоқыстардан тазарту – 60000 шаршы метр	Аудандық бюджет
20	Төлеби аудан әкімдігі «Төлеби аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	20	Әлеуметтік жәрдемақыларға құжаттарды рәсімдеу базаға мәліметтерді енгізу – 1500 іс, құжаттарды тігу – 800 іс, мұрағат құжаттарын өңдеуге көмек көрсету – 600 іс	Аудандық бюджет
21	«Нұр Отан» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық филиалы	6	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 3000 бет, факс жіберу – 300 бет, мәтіндерді басу және шығару – 500 бет, хат-хабарды жеткізу – 700 хат	Аудандық бюджет
	Барлығы:	413		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.